

ЖШС «Жас Дарын» бастауыш мектебі

# Ашық сабақтың Хаттамасы

Тақырыбы: Әліпби

Сыныбы: 1 «Б»

Сынып жетекшісі: Мутал.М

2024-2025 жыл

21.02.2025 жылы 1 «Б» сыныбында Мутал Малика, ана тілі пәнінен «Әліпби» тақырыбына ашық сабақ өтті. Сабақтың басы, оқушыларды түгелдеумен басталды. Кезекшілер оқушылар тақтасына шығып, сыныпта кім жоқ екенін және сабақта болмау себебін айтты. Содан соң, сыныпта психологиялық ахуал тудыру мақсатында ұстаз бен оқушылар «Біз бәріміз бірдейміз» деп хормен өлең оқыды. Оқушылар 2 топқа бөлініп отырды. Сонымен, мұғалім оқушылардан «Доп лақтыру» әдісі арқылы үй жұмысын сұрады, Одан әрі, жаңа сабақтың тақырыбын «Құпия мәтін» тәсілімен ашып алды. Жаңа сабақты актив панель тақтасына Жасанды Интеллект видеосын қосып әрмен қарай өрбітті. Мұғалім жаңа сабақты түсіндіру барысында оқушылармен диалог құру арқылы әртүрлі деңгейлік сұрақтар қойды. Сұрақтар қойып, оқушының берген жауабына қоса отырып жаңа сабақты түсіндірді. Оқушылар ұлттық құндылыққа негіздерген «Бәйге» әдісі арқылы бағаланды. Сабақтың ортасында Оқушылардың көңіл-күйін көтеру мақсатында, сергіту сәті ұйымдастырылды. Ұлдар мен қыздар екі дауыста «Айым болып тудың ба?» әнін шырқап сергіту сәтін жасады. Ары қарай, сыныпта сабақты қорытындылау мақсатында актив пannelьде «Word wall» қосымшасын пайдаланып сәйкестендіру жұмысын жасады. Оқушылар сабаққа жақсы қатысты, және сабақ соңында кері байланыс жасады.

